

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1237 және 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 мамырдағы N 578 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 2001-2005 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі N 1237 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 2001-2005 жылдарға арналған даму жоспарында:

"3.4.3. Инвестициялаудың негізгі бағыттары" деген бөлімде:

бірінші абзацтағы "1208,94" және "3660,54" деген сандар тиісінше "1233,54" және "3685,14" деген сандармен ауыстырылсын;

"2001-2014 жылдарға арналған темір жол көлігінің инвестициялық бағдарламасы, млн. АҚШ доллары" деген кестеде:

"Т. ж. желілерінің құрылысы" деген реттік нөмірі 2-жолдағы "0,0", "0", "65,1 және "65,1" деген сандар тиісінше "14,46", "10,14", "114,04" және "114,04" деген сандармен ауыстырылсын;

"Алтынсарин - Хромтау" деген реттік нөмірі 2.2-жолдағы "0,0", "0,0", "51,84" және "51,84" деген сандар тиісінше "14,46", "10,14", "76,44" және "76,44" деген сандармен ауыстырылсын;

"Т. ж. саласы бойынша барлығы" деген жолдағы "215,5", "234,1", "1208,84" және "3660,54" деген сандар тиісінше "229,96", "244,24", "1233,44" және "3685,14" деген сандармен ауыстырылсын;

"3.4.4. Бағдарламаның негізгі қорытындылары" деген бөлімнің "3.4.4.1. Техникалық дамыту" деген кіші бөлімінде:

"Пайдалану шығындарын оңтайландыру есебінен Инвестициялық бағдарламаның экономикалық тиімділігі (млн. АҚШ доллары)" деген кестеде:

"Инвестициялар" деген жолдағы "1208,84" және "3660,54" деген сандар тиісінше "1233,54" және "3685,14" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004-2006 жылдарға арналған индикативтік жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 926 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және

салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлісіндегі 2004-2006 жылдарға арналған инвестициялық жобалардың тізбесінде (3-бөлім):

"2004-2006 жылдарға арналған республикалық басымды инвестициялық жобалардың тізбесі (миллион теңге)" деген кестеде:

"Бағдарламамен қарастырылмаған жобалар" деген бөлімде:

5-бағандағы реттік нөмірі 395-жолдағы "29690,35" деген сандар "33036,32" деген сандармен ауыстырылсын;

5-бағандағы "Бағдарламадан тыс барлығы:" деген жолдағы "188127,37" деген сандар "191473,34" деген сандармен ауыстырылсын;

5-бағандағы "Республикалық инвестициялық жобалар бойынша жиыны:" деген жолдағы "598989,74" деген сандар "602335,71" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі